

Жайылымдар және аллювия типтері. Террасалар және типтері. Өзен сағасы.



ХУЖИНА ЕКАТЕРИНА
ГЕОГРАФИЯ
ПОЛИЯЗ
1 КУРС

Жайылма



- **Жайылма**– шабындықты терраса, өзен аңғарының едәуір тегіс келген, қазіргі заман шөгінділері жапқан, тасқын немесе су тасу кезінде оқтын-оқтын су басатын бөлігі.
- **Жайылмалар** — екі жақты, бір жақты және ағынның бірде оң, бірде сол жағына ауысып отыратын жайылма болып саналанады.

Жайылма:

арналық

орталық

қабақтық

Аллювий

- **Аллювий**— өзен мен жылғалардағы ұдайы немесе уақытша тасқынның нәтижесінде пайда болатын әр түрлі қиыршық тастардың, құм мен балшықтың шөгіндісі. Аллювий, аллювийлік шөгінділер – тау жыныстары үгінділерінің өзен аңғарларында жиналуынан пайда болатын борпылдақ шөгінділер. Аллювий латынша *alluvio*, яғни шайма, тосқын дегенді білдіреді.



Аллювий суы. Аллювийлік аңғар.

Аллювийлік жазық.



- **Аллювий суы** — өзен аңғарларының аллювий шөгінділері қабатындағы жер асты суы. Су тұтқыш қабаттың қалыңдығы аллювий шөгінділерінің қалыңдығына байланысты жазықтағы ірі өзендерде 15 м-ге, кей жерлерінде 30—50 м-ге жетеді. Аллювий суы жер бетіндегі сулардан, атмосфералық ылғалдан, кейде тектоникалық жыра-жарықтар бойымен тереңде жатқан арынды су қабаттарынан келіп құйылатын сумен толысады.
- **Аллювийлік аңғар** — табаны өзен тасындыларымен (аллювиймен) жабылған аңғар.
- **Аллювийлік жазық** (*Аллювиальные равнины*) — жер қыртысының аса кең ойыстарындағы ірі өзендердің аккумуляциялық әрекетінің нәтижесінде пайда болған жазықтар. Қалыңдығы ондаған метрлік аллювийден тұрады. Неғұрлым аумақты аллювийлік жазықтар тектоникалық опырылыс болған өңірлерде, өзендердің "адасуы" барысында пайда болады (*Сырдария, Ганг, Брахмапутра, Хуанхэ өзендері аңғарларындағы жазықтар*).

Аллювийлік терраса



- **Аллювийлік терраса** — аллювийден (*өзен тасындылары*) қалыптасқан өзен террасасы.
- Аллювийлік шекпен:
 - 1) ірі өзендер тасыған кезде жайылмаға шөгетін лай тасындылардың қабаты;
 - 2) тау өзендері су тасқынымен алып келіп, таудан шыға берісте шөгінді конустарының бетінде қалдыратын ірі кесекті тасындылар қабаты. Оған мысал ретінде Алматы қаласы орналасқан шөгінді конусын келтіруге болады.



- **Өзен сағасы** – өзеннің теңізге, көлге, бөгенге немесе өзінен үлкенірек өзенге құяр тұсы. Өзеннің төменгі ағысының негізгі түрлеріне эстуарий және *атырау* жатады.

